

**Қаратау құрылыс-техникалық колледжінен
құрылған қамқоршылық кеңес отырысының
Хаттамасы**

06.05.2021 ж.

Қаратау қаласы

Қатысқандар :

Омаров Құдиярбек Кеңесбекұлы - «Казфосфат» ЖШС, «Шолақтау» ТКӨК директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қартабаев Ғалым Тамабекұлы - «Нұр Отан» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Оңалбаев Шарипбек - «Игілік» көп салалы кәсіпорнының құрылыс бөлімінің орынбасары, Дүйсебеков Сабит Абдумажитович - Талас аудандық электр желісінің басшысы, Еримбетова Динара - ата-аналар комитетінің төрайымы, Жолдасов Қабыл Бекбосынұлы - «Талас жолдары» ЖШС басшысы,

Қатыспағандар: 1. Тоқмырзаев Ғалымжан Есенәліұлы - Талас ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы / белгілі себеппен /

2. Төлебаев Арқабек - Талас ауданының маслихат хатшысы / белгілі себеппен /

Шақырылғандар :

Колледж директоры Д. Маселбеков, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары С. Анарбекова, бас есепші – Р. Мырзахметова.

Күн тәртібінде:

1. Оқу орнының материалдық базасын нығайту бойынша бюджеттік және ақылы негізде бөлінген қаржының игерілуі.
/ **Баяндамашы: бас есепші Р. Мырзахметова** /
2. «Жас маман» жобасын іске асыруда қабылданған іс-шаралардың орындалу барысы.
/ **Баяндамашы: директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары С. Анарбекова** /

Тыңдалды :

1. Бірінші мәселе бойынша Бас есепші Р. Мырзахметова сөз алды. Оқу орнының материалдық базасын нығайту бойынша бюджеттік және ақылы негізде бөлінген қаржының игерілуі барысында 2020-2021 жылында оқу орнының базасын нығайту ойынша бюджет қаражатынан 243,0 мың теңгеге 10 компьютер, 1550,0 мың теңгеге 470 оқулық алынды. Ақылы негізде оқытудан түскен қаржыдан материалдық базаны нығайтуға қаражат жұмсалған.

Екінші мәселе бойынша директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары С. Анарбекова / сөз алды: - «Жас маман» жобасын іске асыруда қабылданған іс-шаралардың орындалу барысы бойынша «Жас маман» жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде 2019 жылғы 23 қаңтарда берген тапсырмасына сәйкес әзірленді.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» Мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің қаулысымен «Жас маман» жобасының операторы болып «Талап» КЕАҚ (бұрын «Кәсіпқор «Холдинг»») КЕАҚ) белгіленді. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- өңірлер бойынша сұранысқа ие 100 индустриялық және сервистік мамандықты анықтау;

- іріктелген мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын колледждер мен жоғары оқу орындарын іріктеу;
- сатып алынатын жабдықтардың тізбесін қалыптастыру;
- білім беру процесін жаңғырту, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін оқыту үшін, сондай-ақ мәлімделген кәсіп бойынша халықаралық стандарттар бойынша оқыту бағдарламасын жасауға жәрдемдесу үшін шетелдік әріптестерді тарту;
- колледждерге қосымша қаржыландыру шартымен жабдықтарды сатып алу (кемінде 5% жергілікті бюджет есебінен).
- лизинг тетігі арқылы және/немесе ЖОО-лардың өз қаражаты есебінен ЖОО-лар үшін жабдықтар сатып алу. Бүгінгі таңда үш біліктілік бойынша заманауи оқу-өндірістік жабдықтарды Мемлекеттік сатып алу жарияланды, әлеуетті жеткізушілердің ұсыныстары қаралуда, шарттар жасалды.

Колледждің материалдық-техникалық базасын жаңғырту мақсатында оқу-өндірістік шеберханаларға ағымдағы жөндеу жүргізу, сатып алынған жабдықты орнату үшін ангар салу жоспарлануда.

Колледж базасында, сондай-ақ осы жобаны іске асыру аясында World Skills чемпионаттарына дайындықтан өтуге, кәсіби құзыреттер мен еңбек дағдыларын алуға және бекітуге мүмкіндік беретін құзыреттер орталығын ашу жоспарлануда.

**Қамқоршылық кеңес отырысына қатысқандардың және сөз алғандарды тыңдап,
ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Оқу орнының материалдық базасын нығайту бойынша бюджеттік және ақылы негізде бөлінген қаржы тиімді жұмсалсын.
2. «Жас маман» жобасын іске асыруда қабылданған іс-шаралар тапсырмаға сәйкес орындалсын.

Төрағалық етуші :
Хатшы :



Қ.К. Омаров
Г. Есхожаева